

ӘОЖ 008(519.5)"19/..."

ОҢТҮСТІК КОРЕЯДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУДІҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Еркін Әсел Серікқызы

yerkin.assel@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультеті, Шығыстану кафедрасының

1 курс магистранты, Нур-Султан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – т.ғ.д., профессор Абжаппарова Б.Ж.

Сыбайлас жемқорлық – қазіргі заманғы қоғамның негізгі проблемаларының бірі болып саналады. Осы құбылыстың генезисі адам табиғатының әлсіздігінде жатыр, яғни ашкөздік, байлыққа ұмтылу, дүниеқоңыздық қасиеттер заманауи қоғамда кең таралған. Консьюмеризация процесі және халық арасында адамдардың бір-біріне деген сенімнің төмендеуі - жемқорлыққа қарсы тұру үрдісін айтарлықтай қиындататын объективті факторларға жатады. Мұндай іс-әрекеттер адам қызметінің барлық салаларына елеулі әсер етеді және экономикаға кері әсерін тигізері сөзсіз.

Заманауи экономикада үлкен рөл атқаратын жеке сектор ортаның өзгеруіне әсер ете алады. Кейбір сараптама нәтижесінің қорытындыларына сүйенсек, жеке сектордың әлемнің көптеген елдерінің ЖІӨ-не үлесі шамамен 60%-ды құрайды. Біздің ойымызша, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қалыптасуында осы факторлар қолданылуы тиіс. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ОЭСР) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудегі мемлекеттік емес сектордың маңызды рөлін атап өткен болатын. Бизнестегі мамандандырылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы құралдар Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы, Transparency International, Дүниежүзілік банк және Халықаралық сауда палатасы сияқты ұйымдармен жүзеге асқан. Сыбайлас жемқорлықтың өзара әрекеттесуінің зияндары мен қауіп-қатерлері ұзақ уақыт бойы экономистер тарапынан дәлелденіп және нарық субъектілері тарапынан кеңінен танылған болатын. Бұл коммерциялық келісімшарттар мен мәмілелерде сыбайлас жемқорлық қауіпіне қарсы тұру үшін әртүрлі құралдарды енгізу практикасында расталды. Ғылыми жұмыстарда осы мәселеге көп көңіл бөлінді.

Оңтүстік Корея – жақсы даму перспективасы бар бай демократиялық ел. Нобель сыйлығының лауреаты Дуглас Норттың айтуынша, ол Жапония және Тайваньмен бірге «ашық қол жеткізу тәртібіне» (порядкам открытого доступа) көшкен үш елдердің бірі болып есептеледі. Өткен ғасырдың ортасында Оңтүстік Корея сыбайлас жемқорлық пен әлсіз билігі бар мемлекет болған еді. Жалпы алғанда бұл мемлекеттің даму тарихын төрт кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең (1948-1960 жж.) түбектің екі бөлек мемлекеттерін құрудан басталады. Екінші кезең (1960-1987 жж.) 1960 жылғы студенттік «сәуір революциясы» және кейінгі әскери төңкеріс сияқты оқиғаларды қамтиды. Үшінші кезең (1987-1997 жж.) біртіндеп

демократияға көшуден басталып ХВҚ-дан «құтқару» несиесімен аяқталады. 1997 жылы басталған төртінші кезең осы күнге дейін жалғасып келеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, әлеуметтік процестерді моральдық түрде реттеу, корпоративтік және қаржы секторларын реформалау бойынша белсенді шаралардан тұрады.

Сеул қаласының әкімдігі ұйымдастырған жемқорлыққа қарсы стратегияға кешенді көзқарас төрт бағыт бойынша жүзеге асырылған болатын.

Бірінші бағыт мемлекеттік реттеуді барынша азайту жөніндегі шараларды қамтиды.

Екінші бағыт – жемқорлыққа қарсылық туралы ақпарат жинау жүйесін енгізу болып есептеледі және ол жергілікті әкімдіктің бақылауымен жүзеге асады. Бұл бағыт Сеул қаласының әкіміне тікелей шағым немесе сыбайлас жемқорлық туралы хабар беру мүмкіндігі туралы қалалық ақпаратпен байланысқан барлық жеке және заңды тұлғалар туралы дербес хабарлама арқылы іске асырылған болатын.

Үшінші бағыт азаматтардың өтініштерін өңдеу тәртібі мен мерзімдерін қадағалау, сондай-ақ белгілі бір лауазымды адаммен жеке байланыстарын жою қажеттілігін болдырмау үшін «OPEN» жүйесін (Online Procedures Enhancement for Civil Applications) іске асыруда болып саналады. Барлық өтінімдерді онлайн айналым жүйесі арқылы беруге болады. Сеул тұрғындарының сауалнамасына сәйкес, бұл жаңалық мемлекеттік қызметшілер жұмысының ашықтығын арттыруға алып келеді.

Төртінші бағыт лауазымды тұлғалардың белгілі бір келісімшартқа қол қоюмен жқзеге асқан болатын. Бұл келісімшартқа сәйкес олар пара алудан бас тартқан және келісімшартты бұзғаны үшін жазаланатындары туралы хабардар болды.

2002 жылғы 1 қаңтарда қабылданған Оңтүстік Кореяның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңын атап өткеніміз жөн. Осы нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіпте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі орган кез келген тұлғаның өтінішін алдын ала тергеуді бастауға міндетті болып табылады. Сыбайлас жемқорлық туралы хабарламаны бұрмалаушы адам жалған ақпарат берген болып саналып, заң бойынша жазалатын болады.

Біздің ойымызша, Оңтүстік Кореяның ТІ (Transparency International) рейтингідегі төмендігі (2016 ж. Рейтингі бойынша 52-орын) осы мемлекетте бизнес жүргізудің тарихи ерекшеліктеріне байланысты болып отыр. Бизнесітегі басты лауазымдарға билік өкілдерінің достары мен туыстарын тарту істері бірнеше ондаған жылдар бойы қалыпты жағдайға айналды. Корей еліндегі ірі компанияларда: Korean Airlines, Hanjin, Lotte, Samsung, Daewoo атты өндіріс орындарында көптеген жауапты қызметті бір отбасының сыныптастары мен олардың туыстары атқарып келді. Дәл осыған ұқсас жағдайларды америкалық және еуропалық компанияларда кездестіруге болады. Алайда, Оңтүстік Кореяда мұндай байланыс әрекеттері бірегей және өзекті болып саналады.

Позицияларға үміткерлерді іріктеу үшін осындай ережелер мемлекеттік секторда да бар. Бұрынғы БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун өз жұмысының басында ұйымның көптеген қызметкерлерін өз корей мамандарымен алмастырғысы келгені үшін бірнеше рет сынға ұшырады. Бұл әрекет корей қоғамының басты мәдени басымдықтарына байланысты отбасы мен достарға көмек. Бұл дәстүрдің нәтижесі 2016 жылы Lotte компаниясының вице-төрағасының өзін-өзі өлтіруі арқылы өз көшбасшысының сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасыруға бағытталғандымен түсіндіріледі.

2017 жылы Кореяның президенті Пак Кын Хе-ге қарсы саяси дау-дамай басталды. Ол өзінің құрбысы Чхве Сун Силь-мен қылмыстық келісімдер жүргізген болатын. Қылмыстық іс бойынша Чхе Сун Силь бас бостандығынан айырылды, ал 2018 жылдың 6 сәуір айында Сеул қаласының Орталық аудандық соты Пак Кын Хе-ні 24 жылға бас бостандығынан айырып, 16,8 млн АҚШ доллары көлемінде айыппұл салынды. 2018 жылдың 20 шілде айында Пак Кын Хе-ні мемлекеттік қаражатты ұрлау мен 2016 жылғы парламенттік сайлауға кедергі келтіргені үшін тағыда сегіз жылға бас бостандығынан айыруға шешім қабылдады. Пак мерзімінің ұзақтығы 32 жылға созылды. 2018 жылдың тамыз айында Сеул апелляциялық соты үкім шығарды. Нәтижесінде Пак Кын Хе 25 жылға бас бостандығынан айырылып, 17,8

миллион доллар айыппұл төлейтін болды. Және аталмыш сот барысына Samsung өкілдері де қатыстырылды, яғни оларға пара алуға қатысы бар деген айыптар тағылды.

Кореядағы сыбайлас жемқорлықтың жоғарыда көрсетілген мысалдары баспасөз жариялымындарында кеңінен таралған болатын. Бұл жемқорлықты жою бойынша үкімет стратегиясын, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу туралы ақпарат тарату және жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру туралы ақпарат көздерімен таныстырады. Заңнамалық тұрғыдан қарағанда, бұл стратегия 2016 жылдың қыркүйек айында күшіне енген «Improper Solicitation and Graft Act» деп аталатын заң актісінде бекітілген. Бұл акт Оңтүстік Кореяда «Kim Young-gan Act» деп кең танылған. 2008 жылы құрылған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Азаматтық құқықтар жөніндегі комиссияның (ACRC) мамандандырылған мемлекеттік органының қызметін атап өткеніміз жөн. Оның міндеті халықтың құқықтары мен мүдделерін қорғау, транспаренттік және әділетті қоғамды қалыптастыру болып табылады.

The Anti-Corruption & Civil Rights Commission (ACRC) ұйымының жұмысы негізгі 4 бағыт бойынша іске асады:

- Азаматтар үшін қолайсыздықтар немесе ауыртпалықтар туындатқан талаптарды тергеу;
- Қоғамдық сектордағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және шектеу арқылы шағын ұйым құру жұмыстары;
- Әкімшілік органның апелляциялық шешімі арқылы жеке адамның құқықтық нормаларын қорғау;
- Сыбайлас жемқорлықты жандандыруға қарсы немесе азаматтардың шағымдарына әкеліп соғуы мүмкін заңнамадағы өзгерістерге қатысты ұсыныстарды жасау.

Жалпы, Оңтүстік Кореядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат оны қабылдау индексі өзгеруінің оң динамикасында көрініс тапты деп айтуға болады (2000 жылы 38, 2010 жылы 54, 2012 жылы 56, 2014 жылы 55 2016-ші жылы 53). Дәстүрді өзгертуге байланысты реформалардың нәтижесі бірден болмауы мүмкін, бірақ орта мерзімді перспективада айтарлықтай нәтижелер береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің ұзақ және тиімді тәжірибесіне қарамастан, Оңтүстік Кореяда сыбайлас жемқорлық көріністері әлі де орын алуда. Бұл сыбайлас жемқорлық құбылысының күрделілігіне және оның мәні, қоғамның моральдық негіздерімен және әрбір адамның жеке басымен тығыз байланысты. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты толықтай тоқтату міндеті белгілі бір уақытында ғана шешілуі мүмкін. Бұл болашақта сыбайлас жемқорлықтың пайда болмауына кепілдік бермейді.

Оңтүстік Кореяда сыбайлас жемқорлық қаупін бейтараптандыру тәжірибесін талдай отырып, сыбайлас жемқорлық туралы ақпарат алу механизмдерінің маңыздылығын атап өтуге болады. Біздің ойымызша, нақты нәтижелер сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттер мәселелерін шешу үшін арнайы мамандандырылған мекеменің құрылуымен қамтамасыз етілген. Бұл мемлекеттік органның құзыреті алдын алу шараларынан бастап, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеуге дейінгі барлық қызмет түрлерін қамтуы тиіс. Оқиғалар сыбайлас жемқорлыққа және жоғары моральдық стандарттарға сай қоғамды қалыптастыруға нөлдік төзімділік жағдайында жүргізілуі қажет болады. Біздің ойымызша, Қазақстанда жемқорлыққа қарсы бөлімдердің негізінде осындай орган құру туралы мәселені қарастыру керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Андрианов В.Д. Коррупция как глобальная проблема: история и современность: монография. - М, 2011, 304 б.
2. Ахмедшин Н.Х. Поднебесная - судьба моя. Книга памяти. - М, 2009, 275 б.
3. Бакланов П.А. Информационно-аналитический сборник по профилактике коррупционных правонарушений: сборник. - М., 2011ж.
4. Гриб В.Г. Противодействие коррупции. - М., 2011, 192 б.

5. Jong-sung You. Development of control of corruption in South Korea. GIGA German Institute of Global and Area Studies. 28 May 2015.
6. North, Douglass C., John J. Wallis, and Barry R. Weingast. 2009. Violence and Social Orders: A Conceptual Framework for Interpreting Recorded Human History. New York : Cambridge University Press.